

## Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін күшіне енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 412-1 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексімен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 31.10.2015 № 377-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, осы Заңмен күшіне енгізудің өзге мерзімдері белгіленген ережелері қоспағанда, 1999 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

**2-бап.** "Қазақ ССР Азаматтық істер жүргізу кодексін бекіту туралы" 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің Азаматтық істер жүргізу кодексінің (Қазақ ССР Жоғары Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., N 2; 1965 ж., N 49; N 52; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1967 ж., N 15; N 50; 1968 ж., N 8; 1972 ж., N 47; 1974 ж., N 46; 1977 ж., N 29; 1980 ж., N 50, 215-құжат; 1981 ж., N 36, 612-құжат; 1982 ж., N 2, 23-құжат; N 4, 53-құжат; 1983 ж., N 41, 435-құжат; 1984 ж., N 36, 447-құжат; 1985 ж., N 19, 192, 193-құжаттар; N 49, 514-құжат; 1988 ж., N 2, 19-құжат; N 15, 148-құжат; N 16, 159-құжат; 1990 ж., N 11, 110-құжат; 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 294-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат; N 17, 419, 424-құжаттар; 1995 ж., N 23, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 11, 152-құжат; 1998 ж., N 13, 194-құжат; N 17-18, 224-құжат) 1999 жылғы 1 шілдеден бастап күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкестендірілуге тиіс.

Бұдан былай Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкестендірілгенге дейін заңдар мен нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

**3-бап.** Мынадай заң актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1. "Қазақ ССР-інің Азаматтық және Азаматтық істер жүргізу кодекстерін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1964 жылғы 25 сәуірдегі Қазақ ССР Жоғарғы

Советі Президиумы Указының нормалары (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., N 20; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., N 46, 500-құжат) Азаматтық іс жүргізу кодексіне қатысты б ө л і г і н д е ;

2. "Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы" 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 101-құжат; 1993 ж., N 17, 417-құжат) ;

3. "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 102-құжат; 1993 ж., N 17, 417-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат);

4. "Қазақстан Республикасының төрелік соттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларды шешу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 103-құжат).

#### 4 - б а п .

< \* >

**Ескерту. 4-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 238 Заңымен.**

**4-1-бап.** Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 28-бабында белгіленген істердің мамандандырылған қаржылық соттарда соттылыққа жатқызылуы мұндай соттардың құрылуына қарай қолданылады. Мамандандырылған қаржылық соттар құрылғанға дейін істердің бірінші сатыдағы соттарда соттылыққа жатқызылуы осы Кодекстің 27-бабында белгіленген ережелер бойынша айқындалады.

**Ескерту. 4-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.06.05 . N 146 Заңымен.**

**5-бап.** Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 30-бабымен белгіленген істердің мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттауына жатқызылуы осындай соттардың құрылуына қарай қолданылады. Ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттар құрылғанға дейін істерді бірінші сатыдағы соттардың соттауына жатқызу осы Кодекстің 27-бабында белгіленген ережелер бойынша анықталады.

**Ескерту. 5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 238 Заңымен.**

**6-бап.** Тиісті органдар Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңдарына сәйкес қабылдаған іс жүргізу әрекеттері мен іс жүргізу шешімдері, осы Заңмен олардың атын өзгертуге байланысты, заңды күшін жоймайды.

**Ескерту. 6-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 238 Заңымен.**

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е з и д е н т і*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК